ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 17 қаңтар №4360-24-00-2/3532 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Қ.М.Бержанов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылордажылуэлектрорталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Master» атауымен әрекет етуші Канжигалиева Данагуль Маратовна жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2.Тұрасыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылордажылуэлектрорталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер «Master» атауымен әрекет етуші Канжигалиева Данагуль Маратовна жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Master» атауымен әрекет етуші Канжигалиева Данагуль Маратовна жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Master» атауымен әрекет етуші Канжигалиева Данагуль Маратовна жеке кәсіпкерінен талап қоюшы «Қызылордажылуэлектрорталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына тұрақсыздық айыбы 37 200 (отыз жеті мың екі жүз) теңге және сот шығыны мемлекеттік баж алым сомасы 1 116 (бір мың бір жүз он алты) теңге өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 17.01.2025
Заңды күшіне енген күні: 03.03.2025, судья Бержанов К. М., 03.03.2025
4360-24-3-1/3704

Жауапкер «Master» атауымен әрекет етуші Канжигалиева Данагуль Маратовна жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына сот шығыны 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Қ.М.Бержанов**

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 17.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 03.03.2025, судья Бержанов К. М., 03.03.2025